



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 19 маусым

2018 жылғы 8 маусымнан 15 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу¹

15 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,7%-ға (334,02-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 336,39 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 8 маусымнан 15 маусым аралығындағы маңызды оқиғалар ФРЖ-дің негізгі мөлшерлемені 0,25%-ға көтеруі, ЕОБ-нің ағымдағы монетарлық саясатты кейіннен бағалы қағаздарды сатып алу бағдарламасын кезеңмен тоқтатып сақтау және ағымдағы базалық мөлшерлемені 2019 жылғы қыркүйекке дейін ықтимал сақтау туралы шешімі, аталған ұйымдар төрағаларының ақша-кредит саясатының және экономикалық тұрақтылықтың өзгеруіне қатысты түсініктемелері, КХДР басшысы Ким Чен Ынның Сингапурда АҚШ президенті Д. Трамппен кездесуі кезінде елдің ядролық қару-жарақтан бас тартуға әзірлігі туралы мәлімдемесі, Канададағы кездесу барысында Канаданың премьер-министрі Дж. Трюдо мен АҚШ президенті Д.Трампың арасындағы келіспеушіліктерге және АҚШ-тың Қытайдан импортталатын тауарларға баж салығын салу шешіміне байланысты сауда-саттық саясаттағы қолдауға қатысты шиеленістің үдеуі болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының² АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Түрік лирасы** ФРЖ-нің базалық мөлшерлемені көтеруі туралы шешіміне және АҚШ долларының нығаюына, сондай-ақ 24 маусымда қатарлас өтетін президенттік және парламенттік сайлауларға байланысты белгісіздік аясында дамушы елдер валюталарының ішінде 5,8%-ға (4,47-ден 4,73-ке дейін) ең көп әлсірегенін көрсетті;

- **Оңтүстік Африка рэнді** болжаммен 0,6%-ға өсуі және елдің кредиттік дефолттық своптары құнының өсуі аясында бөлшек сауданың 1,2%-ға төмендеуі туралы экономикалық деректердің жариялануы аясында 2,8%-ға (13,07-ден 13,43-ке дейін) әлсіреді;

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.


- **Мексика песосы** Еркін сауда-саттық туралы Солтүстік Атлантика келісімін (НАФТА) қайта қарауға қатысты келіссөздер бойынша белгісіздік аясында 1,7%-ға (20,29-дан 20,63-ке дейін) әлсіреді;

- **Ресей рублі** мұнай құнының төмендеуіне байланысты 1,3%-ға (62,32-ден 63,14-ке дейін) әлсіреді;


- **Үндістан рупиясы** 0,8%-ға (67,51-ден 68,02-ге дейін) әлсіреді;

- **Бразилия реалы** 0,5%-ға (3,71-ден 3,73-ке дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** демалыс және мереке күндеріне байланысты 8 маусымнан 15 маусым аралығы кезеңінде нарықта саудаланған жоқ.



2018 жылдың басынан бастап валюта бағамдарының өзгеруі мынадай түрде қалыптасты:



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz